



Келісемін:

ДТЖО орынбасары:



С. Көшербайұлы

«Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

2«А»-сынып жетекшісі Базарбекова

Айнұрдың **2023-2024 оқу** арналған

сынып сағаттарының жоспары

2022-2023оқу жылы

Мәдени жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылында

2- «А» сыныпта атқарылған тәрбие жұмыстарының есебі.

Сыныпта 16 оқушы бар. Оның 8 ұл бала, 8 қыз бала. 2023-2024 оқу жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 3 құндылық бойынша кешенді жоспар бекітілді. Жоспарланған жұмыстар өз уақытында өткізілді. Атап айтсам:

Ұлттық құндылықтар: Ұлттық Мүдде, Ар-Ұят, Талап

I. Құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

- «Әділетті Қазақстан: Адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт»
- «Мен және менің құқығым»
- «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»

II. Ар-ұят тәрбиесі

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

- «Отбасы – қоғам негізі»

- «Ұстаз! Сіздің алдыңызда...»
- «Еңбек бәрін жеңбек»
- «Отбасылық дәстүрлер»
- «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»

III. Ұлттық мүдде тәрбиесі

Мақсаты:

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

- «1-қыркүйек - Білім күні»
- «Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл»
- «Тарих пен тіл тамырлас»

IV. Талап тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Оқушымен жұмыс бағытында:

Сынып белсенділері сайланып, жұмыстары есебі тоқсандық жиналыстарда тыңдалынды. Сынып жиналыстары түрлендіріліп ұйымдастырылып, уақыттылы өткізіліп, хаттамаланды. Жыл бойына

жоспар бойынша үлгерімі нашар және қабілетті оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Сынып жиналыстарынды тазалық, ұқыптылық сыйластық туралы түсіндірілді.

«Жаны саудың тәні сау»

- «Ұлы дала перзентімін»

Жеке оқушылармен оның ішінде талантты және дарынды балаларға күрделі тапсырмалар берілді. Ата-аналармен тоқсан соңында оқушылардың оқу үлгерімі, кездескен қиындықтар және оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жиналыстар өткіздім. Кейбір ата-аналармен оқушылардың білімі мен тәрбиесі төңірегінде жеке және топтық кездесулер өткіздім.

Сыныпта өткізілетін тәрбие сағаттары мен тәрбиелік мәні бар іс-шаралардың уақытында өткізілуі нәтижесінде құқық бұзушы бала, ата-ана жоқ.

Нәтиже: Оқушылардың бойынан жүргізілген әрбір тәрбие сағаттары арқылы Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянды. Адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада, жолда өзін қалай ұстау керек екенін үйренді. Мен оны оқушылардың сабаққа қызығушылықпен қатысуынан байқадым.

Сынып оқушыларының оқу әрекетіне, тәрбиелік шараларға қатысу белсенділіктері жас ерекшеліктеріне сай жақсы деп айтуға болады.

Оқушылардың мұғалімге қарым-қатынастары жақсы, педагогикалық талаптарға бағынады.

Сынып оқушыларының мектеп мотивациялары оң, сабаққа қызығушылықпен келеді, көңіл-күйлері көтеріңкі. Сыныптың әлеуметтік деңгейі: Ұжымда оқушылар жақсы қарым-қатынаста. Сынып оқушылары ұйымшыл. Сонымен қатар сыныпта шығармашылыққа бейім оқушылар бар. Жалпы сыныптан тыс шараларға, сабақтарға белсене қатысады. Сынып белсенділері – оқу секторы,

мәдениет, тазалық, шаруашылық секторы және дене тәрбиесі мүшелері де өз жұмыстарын тиынақты атқарады.


Оқушылардың бәрі де сыныптан тыс шараларға, үйірмелерге белсене қатысады.

Оқушылардың еңбек қатынасына деген ынта – жігері жоғары. Сыныптағы оқушылардың бір-біріне деген қарым – қатынасы өте жақсы, бір – бірімен өте тату, қиыншылық кезде бір біріне қол ұшын беруге әзір тұрады. Мектептің қоғамдық жұмыстарына әр уақытта топпен бір кісідей атсалысып қатысып, тапсырылған жұмыстарды уақытында, тиынақты, үлкен жауапкершілікпен атқарады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете біледі. Ұл балалар мен қыз балдардың өзара қарым – қатынастары да айтарлықтай жақсы. Сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Олар мұғалімдерге әртүрлі сұрақтар қойып, жаңа тақырыпты толық меңгерілері келеді. Сабаққа оқушылар дайындықпен келіп, жаңа сабақты үлкен зейін қойып тыңдайды.

Ата-анаман жұмыс бағытында:

Жыл бойы ата-аналармен жұмыстар жүргізілді. Әртүрлі тақырыптық жиналыстар оздырылды. Ата-аналарға ашық есік күндері сабаққа қатысты. Тәрбиелік шаралар кезіндеде сынып ата-аналары белсенділік танытты. Ата –аналар жиналысының қорытынды отырысында жыл бойы сынып жетекшімен,сыныпппен байланыста болған бір қатар ата-аналарға алғыс хаттар табысталды. Уақытылы ата-аналар жиналысы түрлендіріп өткізіліп, хаттамаланды.

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



ТАЛАП



ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

(Мемлекетшілдік)



- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирас, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайды

АР-ҰЯТ



- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жаксылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

-Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

-Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

-Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қоғам игілігі үшін қызмет ету; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

-Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

-Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді

Елінің тарихын құрметтейді

Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

Адал еңбекті құрметтеу;

Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Халқына адал қызмет ету

Әдеп нормаларын ұстану;

Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;

-Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділіктаныту;

- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;

Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;

Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;

Достарын, сыныптастарынсыйлайды;

Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

Талап құндылығы:

Сыни және креативті ойлау;

Жеке және командаменжұмыс істей білу;

Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;

Физикалық белсенді болу;

Салауатты өмір салтынұстану;

Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету;

Дұрыс қарым-қатынасорната білу;

Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығынсақтайды;

Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді;

Қоршаған орта тазалығынсақтайды;

Ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық;Ізденімпаз, жасампаз тұлға.тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктер.

№	Мерзімі	Тәрбие құндылықтары	Тақырыбы	Ескерту
1	қыркүйек	Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап	Мектебім – мейірім мекені!	4.09
2		Талап	Жол жүру ережелерін еске түсіреміз!	11.09
3		Ұлттық мүдде	Менің тілім – менің досым	18.09
4		Ар-ұят	Жүрегім толы мейірім	25.09
5		Ар-ұят	Үстаз — ұлы тұлға	02.10
6	Қазан	Ар-ұят	Қарттарым – асыл казынам!	09.10
7		Ар-ұят	Мейірімділік - асыл қасиет	16.10
8		Талап	Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ!	23.10
9		Талап	Күз-береке, күз – мереке	30.10
10	қараша	Талап, Ар-ұят	Қоғамдық тәртіп негіздері	6.11
11		Ұлттық мүдде, Ар-ұят	Менің отбасым	13.11
12		Талап	Салауатты өмір-тамақтану тәртібі	20.11
13		Ар-ұят	Адалдық - адамдықтың белгісі	27.11
14	желтоқсан	Ұлттық мүдде	Рәміздер-Ел нышаны	04.12
15		Ұлттық мүдде	Елімнің ертені - Тәуелсіздік	11.12
16		Талап, ар-ұят	Тәртіп - тәрбие бастауы, Тәртіпсіздік – өміріннің қас жауы.	18.12
17		Талап	Жаңа жылдық отшашудың зияны	25.12
18	қаңтар	Ар-ұят	Ізгілік-адамгершіліктің белгісі	8.01.24
19		Ұлттық мүдде	Саналы ұрпақ жарқын болашақ	15.01
20		Ұлттық мүдде	Қазақ халқының мәдениеті	22.01
21		Ар-ұят	Ар - ұят, намыс	5.02

22	ақпан	Ар-ұят	Достық, татулық – өмірдің кызығы	12.02
23		Талап	Бұлақ көрсең, көзің аш	19.02
24		Ар-ұят	Оқушы мәдениеті дегеніміз не?	26.02
25		Талап	Кітап оқуды тоқтатқан адам, ойлауды да тоқтатады	26.02
26	наурыз	Ар-ұят	Алғыс айту-парызым	4.03
27		Ар-ұят	Ана - өмірдің гүлі	11.03
28		Ұлттық мүдде	Наурыз-жыл басы	18.03
29	сәуір		Эко сағат	1.04
30		Талап	Дені саудың - тәні сау	8.04
31		Талап, ар-ұят	Табиғатты аялайық!	15.04
32		Талап, ар-ұят	Зиянды әдеттен аулақ бол!	22.04
33		Ұлттық мүдде, Талап	Мен отбасыммен мақтанамын!	29.04
34		Ұлттық мүдде,	Бейбітшілік-ел тілегі	06.05
35		Ұлттық мүдде	Отан қорғаушылар күні	13.05
36		Ұлттық мүдде	Отбасы-бақыт мекені	20.05

Сынып жетекшісі:

А.Базарбекова



